

Жана жылдарыңызбен! — С Новым годом!

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!



ОРГАН ПАРТКОМА, РЕКТОРАТА И КОМИТЕТА КОМСОМОЛА КАЗАХСКОГО ОРДЕНА ТРУДОВОГО КРАСНОГО ЗНАМЕНИ ГОСУДАРСТВЕННОГО УНИВЕРСИТЕТА ИМЕНИ С. М. КИРОВА

30

ДЕКАБРЯ

1981 года

СРЕДА

18

(1176)

Газета
издается
с 20 апреля
1948 года.

Поздравляем!

Мы провожаем в историю 1981 год — год великих исторических свершений — XXVI съезда КПСС. Минувший год был первым шагом одиннадцатой пятилетки, наполненный огромными достижениями в области науки, техники, культуры.

1981 год прошел успешным для коллектива Казахского ордена Трудового Красного Знамени государственного университета имени С. М. Кирова. В 1980—1981 учебном году Казахский государственный университет выпустил 1854 молодых специалистов, выполнен объем научных исследований по госбюджетам и заказам предприятий, промышленности, сельского хозяйства и других отраслей на сумму свыше 7 млн. рублей, от которых получен экономический эффект на более 6 млн. рублей, в третьем трудовом семестре студенческими строительными отрядами освоено капитальных вложений на 7 млн. рублей, в Фонд мира перечислено 35 тысяч рублей.

Дорогие товарищи! С наилучшими пожеланиями обращаемся мы сегодня к студентам, сотрудникам, профессорско-преподавательскому составу нашего университета. Пусть этот год принесет новых побед в труде и учебе, в овладении профессией, творческие удачи, счастливых и добрых перемен!

Ректорат, партком, местком,
комитет комсомола, профком,
редакция газеты «Қазақ университеті».

ЖАҢАЛЫҚТАР

НОВОСТИ

Журналистика факультетінің коммунистер советінің ұйымдастыруымен «Мен, сен, ол және ойландырар он сұрақ» деген тақырыпта диспут болды.

Диспутта мода, достық, махаббат, бақыт жайлы әңгіме қозғалды. Студенттер Н. Сұраншиева, Ж. Ебішев, Р. Молдашева, М. Тоқтағазын, Б. Түкібаев және басқалары қнды-қнды ой-пікірлерін атаға салды.

Кеш соңы жастар биіне ұласты.

В Свердловском юридическом институте имени Р. А. Руденко — крупном научном центре по подготовке специалистов — накануне Нового года, проводилась первая Всесоюзная олимпиада по специальности «Правоведение». Побланы почти всех союзных республик — победители республиканских туров, отличники учебы приняли самое активное участие в проведении олимпиады. Студенты юристы продемонстрировали свои знания в области теории государства и права, советского гражданского и уголовного права, советского государственного права и криминалистики, а также обсудили актуальные проблемы советской юридической науки в свете задач поставленных XXVI съездом КПСС.

По итогам олимпиады первое и второе место заняли представители юридических ВУЗов РСФСР. 3-месте — студенты Украины. Отрадно отметить, что по отдельным предметам представители Казахстана Н. Абдиров, Т. Динмухамбетов, Н. Таскымбетов показали отличные знания, были награждены дипломами и Почетными грамотами оргкомитета олимпиады и Свердловского обкома комсомола.

Мне выпала большая честь быть участницей Всесоюзной олимпиады. Я была награждена Почетной грамотой оргкомитета олимпиады, как лучшая участница делегации Казахстана. Большое впечатление произвели на меня встречи с ведущими учеными страны: заслуженным деятелем наук РСФСР, доктором юридических наук С. С. Алексеевым, доктором юридических наук В. С. Семеновым, доктором юридических наук О. А. Красавчиком и др.

Г. КАСАБЕКОВА,
студентка 4 курса
юридического факультета.

ЖАҢА ЖЫЛ

Жаңа жыл келді, қуанды бүгін адамдар!
Жаңа жыл келді, өлкеме мынау қараңдар!
Күн өзі Жердің ұлы досы боп жаралған,
Тіршілік нұрын төгеді ол осынау ғаламнан.
Босаға берік, Жаңа жыл келіп аттайды,
Келбетінде оның керемет күш бар, жоқ қайғы.
Жаңа жыл келді, Жаңа жыл деген — жыл басы,
Жыл бастап тұрып, жаман бір тілек айтпайды.
Жаңа жыл келді, жаңғыртып дарқан даланы,
Жаңа жыл келді, жақсылық болып бар әні.
Сүйінші сұрап тұрсын Сен бейбіт аспаннан,
Бұлттарың шашып барады шашу ақ қардан.

Біздің Жаңа жылдық АНКЕТА

Тарихқа кіргелі келе жатқан 1982-жыл қарсаңында «Қазақ университеті» газетінің редакциясы өзінің оқушылары арасына ЖАҢА ЖЫЛДЫҚ АНКЕТА сұрақтары таратқан еді. Бүгін сол Анкета сұрақтары мен оған берілген жауаптардың бірнешеуін жариялап отырмыз.

1. Өз өміріңіздегі аса бір табысты, шоқтығы биік жылды атаңыз және ол жыл несімен ерекше?
2. 1981-жыл Сіз үшін не жемісімен қымбат болды?
3. Өткен жылдың қандай басты оқиғасы тарих шежіресінде мәңгі қалады деп ойлайсыз?
4. Қазіргі студенттердің интеллектуальдық дәрежесін өзіңіздің студенттік шағыңызбен салыстыра қарасаңыз, Және бүгінгі студенттердің бойынан қандай қасиеттерді көргіңіз келеді?
5. Өмірдің сұлулығы неде деп білесіз?
6. Мақсат биігіне қалай жеттіңіз?
7. Жаңа, 1982 жылда әріптестеріңізге, шәкірттеріңізге нендей тілек тілер едіңіз?

Файзолла Мұртазаұлы Оразаев,
филология ғылымдарының докторы, журналистика тарихы кафедрасының меңгерушісі:

БІРІНШІ СҰРАҚҚА. — Мен өз басым табысыз жыл болады демеймін, әр жыл қалайда бір жемісін ала келері хақ. 1955-жылы университетке түстім. Бұл — табыс. 1960-жылы курсты толық бітіріп, журналистик мамандық алдым. Бұл да табыс. Аспирантураға түсу (1966 ж.), оны бітіріп кандидаттық диссертация қорғау (1970 ж.), одан докторлық диссертация қорғау (1975 ж.), тұңғыш кітап шығару (1963 ж.), келесі шығарылған монографиялық зерттеу еңбектері (1973, 1978, 1981 жж.) бәрі-бәрі табыс. Және олар көрсетілген жылдардың ғана табысы емес, олар — жылдар жемісі, жылдар қорытындылары.

ЕКІНШІ СҰРАҚҚА. — 1981 — жылы мен бір жылға «ержеттім». Демек, өмірлік тәжірибеге тәжірибе қосылды.

ҮШІНШІ СҰРАҚҚА. — 1981

жыл жайдары, жылы, бейбіт басталған. Солай аяқталып отыр. Жыл райының осылай аяқталуы КПСС XXVI съезі жол нұсқаған Бейбітшілік ауа райына байланысты деп білем. Сондықтан, 1981 жылдың тарих шежіресіне мәңгі қалдырған басты оқиғасы — КПСС-тің XXVI съезі, оның тарихи шешімдері.

ТӨРТІНШІ СҰРАҚҚА. — Біз сондай студент болғанбыз, деп мақтану қолайсыз болар. Дегенмен, оқуға соңша ынтымаздық болғанын айтқым келеді. Қазіргі кезде кейбір шәкірттер тарапынан оқуға салғырттық сынай байқалады. Және бір айтатын нәрсе — біз оқыған кездегі студенттер сол шәкірт кезінің өзінде баспасөзде таныла бастауға тырысатын. Қандыр Мырзалиев, Тұманбай Мол-

(Жалғасы 2-бетте).



АЯЗ-АТА АРАЛАҒАНДА

Аспанның ақ бұлттарынан ақтарыла ақ қар жауып тұр...

Табиғат көңілі жомарт. Аспанмен ауыздық шайнасқан асқақ Алатаудың балмұздақ беттерінде алаулап батқан алқызыл Күннің ақырғы алтын сәулелері айқайлай жүгіреді. Тұу-тұу биіктен төменге күлкі толқындарын толастатпай топтап төгіп, алыстағы жарық жұлдыздар да айрықша жымсаңдайды. Жер дүниесіне кідіріссіз қаптап қонақтап жатқан Жаңа жыл жаршысындай аққу қанат ақша қарларды қатарласа қоралған қала кварталдарындағы жанған жарықтар да күндегіден жарығырақ, көз шағылыстыра сәулелендіріп, тынымсыз соққан тіршіліктің таңғаларлық тәжіне айналдырып жіберген. Өйткені, бүгін, дәл бүгін, Ескі жыл мен Жаңа жыл жол айырығында. Өйткені, бүгін жайнаған өмір, жалпақ әлемге Жаңа жыл өз білігін орнатып, тарих табалдырығына аттамақ. Сондықтан да, кө-

шедегі адамдар ағысы күндегі одетінен жойқын.

Сондықтан да, міне, сол алғы күнге асыққан адамдар арасында арындай адымдап біз де келеміз. Кіріпкіне мұз қатып, қасына қырау тұрған Аяз Ата да, қыналы белді Қарша қыз да айналаға, дәлірек айтсақ, төңіректегі тосын салтанатқа таңдана қарайды. «Осы құрмет, осы салтанат шынымен біз үшін бе?» — дегендей бір-біріне таңырқай қарасады.

Біз де құптай жымиямыз. Көңілге қуаныш құсы қонақтап, қанаттана, қаттырақ жүріп физика факультетіне келіп қалғанымызды бір сәтке байқамай да қалыппыз. Лекіте-лекіте төгілген музыка өзіне еріксіз баурап алым. Физика факультетінің коллективі Жаңа жылдық мерекелік кешіп зор екпінмен думандата тойлау үстінде екен. Аяз Атаға сөлем берген қара торы, қыяқ мұртты.

(Жалғасы 3-бетте).



(Соңы, Басы 1-бетте).

В КЛУБЕ ДРУЖБЫ

Уже давно при Казахском государственном университете успешно проводит свою работу клуб интернациональной дружбы «Красная гвоздика». И называется он так не случайно. Красная гвоздика — цветок юности, красная гвоздика — символ чистой, искренней любви. Любви к миру, ко всему лучшему на Земле.

Студенты из Кубы и Монголии, Вьетнама и Афганистана, Лаоса, которые учатся у нас в университете, являются членами клуба. Каждое заседание клуба проводится живо и интересно: в нем студенты встречаются с писателями, актерами театра и кино, известными журналистами. Организуются тематические вечера, систематически выпускаются номера стенной газеты.

Активное участие кировцы приняли в ставшей уже традиционной неделе студенчества «Достық» прошедшей весной нынешнего года. Неделя студенчества включала в себя различные конкурсы: политплакатов, «В борьбе за мир», дискотек, фотоснимков «Я вижу мир». Лауреатами последнего конкурса стали С. Стукалов, Т. Либерчук. Были проведены митинги дружбы, за мир, за разоружение. Участниками недели студенчества была посажена аллея Дружбы. Надолго запомнилась неделя нашим гостям из Чехословакии, Москвы, Ленинграда, Украины и других союзных республик.

Этим летом наши лучшие ребята в составе интеротряда ССО ездили в ГДР, помогали немецким товарищам, а мы принимали студентов института имени Патриса Лумумбы, делегации различных стран: Зимбабве, Латинской Америки. В теплой, дружеской атмосфере прошла встреча с председателем Комитета молодежи СССР В. А. Аксеновым, который рассказал о деятельности организаций молодежи не только нашей страны, но и других стран.

Р. ТУРЕБЕКОВА,
студентка 2 курса
факультета журналистики.

даралиев, Зейнолла Серікқалиев сол кездің өзінде ақын, әдебиетші ретінде көріне бастаған еді. Интеллектуалдық жақтан қазіргі студенттер де өз биігінде деп ойлаймын. Оны байыта беруге бүгінгі мүмкіндік тіпті мол ғой. Соны пайдалана білу қажет. Ал, қасиеттер жөнінде айтсақ: бүгінгі студенттерден кішіпейілдік, ағаны — ағадай, інісі — інідей сыйлай білу сияқты қасиеттерді көргім келеді.

БЕСІНШІ СҰРАҚҚА. — Өмірдің сұлулығы — өмірге қызыға білуде.

АЛТЫНШЫ СҰРАҚҚА. — Мақсат — таусылмайтын дүние. Ал, орындалған мақсаттарға жалықпаса еңбекпен жеттім.

ЖЕТІНШІ СҰРАҚҚА. — Әріптестеріме де, шәкірттеріме де зор депсаулық, еңбекте — зор жеміс. өмірде — мол бақыт тілеймін.

Әбсаттар Бағызбайұлы Дербісәлиев,

филология ғылымдарының кандидаты, доцент, филология факультеті деканының оқу ісі жөніндегі орынбасары.

БІРІНШІ СҰРАҚҚА. — Бұл жерде мен тек бір жылды ғана емес, мен үшін табысты да, есте қаларлық елеулі болған жетпісінші жылдарды атар едім. Өйткені, аталған жылдары (1970—1975) Москва Шығыстану институтының Таяу және Орта Шығыс халықтары әдебиеті бөлімін тамамдағаннан кейін, ЮНЕСКО-ның стипендиясымен Марокко Араб мемлекетінің астанасы Рабат шаһарындағы Мухаммед У атындағы университеттің араб тілі мен әдебиеті факультетінде тәжірибе жинақтаудан өттім. Қайтып оралған соң, Марокконың араб тілді әдебиеті бойынша Москвада кандидаттық диссертация қорғадым. Москва демекші, дәл сол жылдары Советтің көрнекті шығыстанушылары, академиктер Бабаджан Гафуров пен Михаил Александрович Коростовцев, профессорлар Г. Ш. Шарбагов, Ю. Н. Завадовскийлердің дәрісін тындап, тағлымын алғанымды да үлкен қуаныш санаймын. Астанамыздағы қазақ ілімінің қара шаңырағы — Қазақ университетінде халқымыздың мәдени тарихындағы елеулі белес болған жәйт — араб бөлімінің ашылуы да осы жетпісінші жылдар үлесі дер едім.

ЕКІНШІ СҰРАҚҚА. — Әрине, әр жылдың әр адамға өзіндік

Біздің Жаңа жылдық АНКЕТА

ерекшілігімен есте қалатыны белгілі. Өз басыма келетін болсам, өтер жыл да мен үшін елеулі жыл болды дер едім. Себебі, 1981 жылы менің «Мектеп» баспасынан 4 класқа арналған «Араб тілі» оқулығым (Ж. Тоқмамбаев және М. Шафиговпен бірігіп жазған) шықты. Сондай-ақ, «Жазушы» баспасынан 12 баспа табақтық «Шыңырау бұлақтар» атты зерттеулер, эссе, мақалалардан тұратын алғашқы жинағым жарық көрді. Оның үстіне, 1981 жылы Коммунистік партия қатарына, СССР Журналистер Одағына, СССР Шығыстанушылар ассоциациясына мүше боп қабылдандым. Аталған жыл осындай қуаныштар сыйлауымен қымбат маған.

ҮШІНШІ СҰРАҚҚА. — 1981 жылы болған ұлы оқиға, халқымыздың өміріндегі үлкен бетбұрыс деп, дамуымыздың сара жолын айқындап берген КПСС XXVI съезін айтар едім. Сондай-ақ, КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары Л. И. Брежневтің тұрақты да, тиянақты Бейбітшілік сақтау мақсатынан туған ФРГ-ге сапары, канцлер Г. Шмидтпен кездесуі тарих беттерінде қалары даусыз.

ТӨРТІНШІ СҰРАҚҚА. — 80-жылдар студенттерінің интеллектуалдық өсу дәрежесі әріне ілгері. Өйткені өсу, жаңару, дамып отыру диалектика заңы ғой. Бірақ, мені қынжылтатын-кейбір студенттеріміздің бойындағы бойкүйездік, токмейілсуден туған енжарлық. Қашан да мен студенттерімізден ізденгіштікті, білімділікті көргім келеді. Студенттер жиын-тойлардан гөрі кітапхана,

театрлардан көптеп көрінсе. **БЕСІНШІ СҰРАҚҚА.** — Өмір сұлулығы, меніңше, бүкіл ғұмырына темірқазық етіп алған армантөліктерінің орындалып жатуы...

АЛТЫНШЫ СҰРАҚҚА. — Осы сұраққа орай бір жазушының: «Осыдан он, он бес жыл бұрын СССР Жазушылар Одағының мүшелігіне екі-үш мақала жазып-ақ мүше болғанмын», — деген сөзі оралады. Бірақ, мен өткен он жылдың ішінде республика және одақ көлемінде, Қазақстан Жазушылар Одағының органы «Қазақ әдебиеті», «Білім және еңбек» журналына қырыққа жуық ғылыми және ғылыми көпшілік мақалалар жариялаппын. Оның үстіне, жоғарыда аталған екі кітапты, алты жылға аяқ басқан ғылыми-педагогикалық қызметті есептегенде, осының бәрі де, доценттік дәрежеге қалай жеттім, деген сұраққа өзінен-өзі жауап беріп тұр ғой деп ойлаймын.

ЖЕТІНШІ СҰРАҚҚА: — Өткен оқу жылы біздің факультет оқу үлгерімі жағынан университет бойынша алдыңғы орындардың бірін иеленді. Жаңа жылды да үлкен ізденіс, биік талап, білім алу жолындағы қажырлы еңбекпен өткізе берейік дегім келеді.

Батырбек Садыханов,
журналистика факультетінің
3 курс студенті, 302 группа
староспасы, студенттер кәсіподақ ұйымының председателі.

БІРІНШІ СҰРАҚҚА: — Өмір мен үшін жаңа ғана бастады. Әйтсе де, есте қалатын шоқтығы

биік жылдың бірі — 1981 жыл. Себебі, бұл жылы мен КПСС мүшелігіне кандидаттыққа қабылдандым.

ЕКІНШІ СҰРАҚҚА. — Оқудағы табысымыз қоғамдық жұмысқа белсене қатысуымымен қымбат.

ҮШІНШІ СҰРАҚҚА. — 1981 жылдан тарихқа мәңгі сақталатын басты оқиға — партиямыз, XXVI-съезі. Коммунистік партиямыздың, Совет мемлекетінің, Леонид Ильич Брежнев атамыздың бейбітшілік сақтау жолындағы жанқиярлық күресі.

ТӨРТІНШІ СҰРАҚҚА. — Өзім бүгінгі студентпін ғой. Сондықтан біздің бүгінгі заман талабына сай күрескер болып өсуіміз керек. Бұл үшін нағыз интеллектуал болуға барынша талпыну біздің борышымыз.

БЕСІНШІ СҰРАҚҚА. — Өмірдің сұлулығы, мен үшін, дәл қазір білім нәрінен мол сусындау.

АЛТЫНШЫ СҰРАҚҚА. — Мақсатым — майталман журналист болу. Сол нысанға талмай ұмтылам.

ЖЕТІНШІ СҰРАҚҚА. — Ұстаздарым бізді білім шыңына өрлете берсін. Студент достарым білім мұхитынан мол-мол сусындасын. Бәрі де бақытты, табысты, мықты депсаулықты болсын.

БОЛЬШИЕ ПЕРСПЕКТИВЫ

Большим событием в жизни специалистов-гидрологов Казахстана явилось выездное заседание секции гидрологии суши Научно-методического Совета по высшему гидрометеорологическому образованию Минвуза СССР, проходившее в Алма-Ате на базе кафедры гидрологии суши Казахского ордена Трудового Красного Знамени государственного университета имени С. М. Кирова.

Проведение очередного заседания гидрологической секции Совета в Алма-Ате не случайно. В Казахской ССР очень важно совершенствовать гидрологическое образование, ведь здесь, как нигде, остро стоит проблема водных ресурсов, и дальнейшее развитие экономики, особенно орошаемого земледелия, невозможно без строгого учета, точного прогноза, а также более рационального использования имеющихся водных ресурсов. Решение этого вопроса в свою очередь требует высококвалифицированных кадров инженеров-гидрологов. Таких специалистов для Казахстана готовит единственная в республике кафедра гидрологии суши в КазГУ.

В работе секции приняли участие председатель Научно-методического Совета, ректор Ленинградского гидрометеорологического института (ЛГМИ), профессор, доктор географических наук Н. П. Смирнов; зам. председателя НМС, проректор ЛГМИ, профессор, доктор географических наук Б. Я. Толстобров; председатель секции гидрологии суши НМС, профессор ЛГУ, доктор географических наук К. Е. Иванов; заместитель председателя секции, декан географического факультета ЛГМИ, заслуженный деятель науки и техники РСФСР, профессор, доктор гео-

графических наук С. А. Чечкин; заведующие кафедрами профессор, доктор географических наук Н. В. Разумихин (ЛГУ), профессор, доктор технических наук Н. Б. Барышников (ЛГМИ), профессор, доктор географических наук Ю. М. Георгиевский (ЛГМИ), профессор, доктор географических наук А. М. Комлев (Пермский гос. ун-т) и другие. На заседании секции присутствовали зам. министра Минвуза КазССР В. А. Колесников и проректор КазГУ, член-корр. АН КазССР, профессор, доктор физико-математических наук А. Т. Лукьянов.

На заседаниях секции были рассмотрены вопросы дальнейшего совершенствования подготовки инженерных кадров в области гидрологии, содержание отдельных учебных дисциплин, вопросы специализации гидрологов по некоторым актуальным направлениям, а также организация, содержание и методика проведения учебного процесса на кафедре гидрологии суши КазГУ. Значительное внимание было уделено обсуждению доклада «О новых учебных планах по специальности гидрология суши (1401) на период 1981—85 гг.» с которым выступил проф. С. А. Чечкин. Докладчик отмечал, что в проекте нового учебного плана значительное время отводится на изучение общепрофессиональных и общетехнических дисциплин, более 58 проц. времени занято специальными теоретическими дисциплинами. Все это обеспечивает фундаментальность и вместе с тем четкую специальную направленность подготовки инженеров-гидрологов широкого профиля. В ряде вузов страны появилась необходимость введения в учебные планы гидрологов специ-

ализаций, ближе учитывающих специфические запросы народного хозяйства и региональные природные условия. В частности, в КазГУ — специализации по селективным потокам, снежным лавинам и оползням.

Важное место в работе заседания заняли встречи с руководителями и специалистами организаций гидрологического профиля г. Алма-Аты.

Отрадно отметить, что руководители названных выше организаций положительно оценили работу выпускников-гидрологов и сформулировали задачи подготовки инженерных кадров с учетом современных потребностей народного хозяйства.

Секция разработала рекомендации по дальнейшему улучшению подготовки в ВУЗах специалистов гидрологов. Они нашли свое отражение в выступлениях участников заседаний и особенно в проекте нового учебного плана. Следует также с удовлетворением отметить высокий уровень учебной работы кафедры гидрологии суши КазГУ.

Члены Совета осмотрели селезащитные сооружения на реках Запильского Алатау, Капчагайскую ГЭС и береговую зону водохранилища, ложе бывшего озера Иссык, а также некоторые участки орошаемых земель. Это позволило ближе ознакомиться с природными условиями, глубже понять народно-хозяйственные и научные проблемы, а также задачи подготовки инженерных кадров в области гидрологии для нужд региона.

Е. Н. ПИВЕНЬ,
аспирантка кафедры
гидрологии суши.



На снимке: В лаборатории.

Фото В. Ваколкина.

БІЗ — КОМСОМОЛМЫЗ

Нық сеніммен басып алға барамыз,
Бастаушымыз — Компартия данамыз.
Небір жазап ерлік іске куә боп,
Жап баспаған асуларды аламыз.
Біз ешқашан қиындықтан қашпаймыз,
Не болмаса жалғандыққа баспаймыз.

Партияның біз сенімді тірегі
Комсомолмыз — Лениңшіл жастармыз.
Жүректерде алаулаған жалын бар,
Әлі талай сан қиындық табынар.
Бойымызға идеямен дарыған,
Әкелердің ерлігінің табы бар.

К. ІЗТІЛЕУОВА,
журфактың 1 курс студенті.

В НОВОМ ГОДУ К ВЫСОКИМ СВЕРШЕНИЯМ!



АЯЗ-АТА аралазанда

(Соны, Басы 1-бетте).

талдырмап жігіт өзін таныстырып өтті. Комсомол комитетінің секретары екен. Жалпы, факультет Жаңа жылды қандай табыстармен қарсы алғандары жөнінде сыр суыртпақтадық.

— Факультетіміз Ескі жылды, яғни 1980-81 оқу жылы өзіндік табыстарымен қорытындылады. «Киров группасы» атағын жеңіп алу байқау-конкурсанда 401 группамыз (комсоргі Аязбаев) жеңімпаз атанды. Сонымен бірге 105, 205, 504 группа студенттері де жақсы оқу үлгерімімен көзге түсті.

Бұл оқу жылында оқу-тәрбие саласында да жақсы жұмыстар жүргізіліп, тартымды кештер өткізілді. Мәселен, төрт жылда бір рет өткізілетін Физик күні өз деңгейінде өтті. Қазан, Ташкент, Қарағанды университеттерінен студент-физиктер келді. Ғылыми баяндамалар тыңдалды. Студенттердің ғылыми қоғамының ұйымдастыруымен ғылыми конференция өткізілді. Мұнда негізінен I-II курс студенттері көзге түсті. Студенттеріміз үшінші еңбек семестрін зор еңбек өрлеуі үстінде өткізді. «Квант-81» студенттік құрылыс отряды 254 мың сомның күрделі қаржысын игерді.

«Студент көктемі-81»-ге де студенттеріміз белсене қатысып, орыс халық аспаптары ансамблі жүлделі орынды жеңіп алды.

Одессада өткен бүкілодақтық жылу физикасы семинар-мектебінде Майлина, Малиева сынды студенттеріміздің баяндамасы жоғары бағаланды. ҚазҒУ-дің XXXV студенттер ғылыми қоғамының конференциясында 48 баяндама тыңдалып, екеуі университетке жіберілді. Тағы бір айта кететін нәрсе, жатақханамызда Ауғанстан, Вьетнам, Куба, Монғолия студенттерінің қатысуымен интернационалдық кеш өткізілді. Кештің студенттерге берері мол болды.

Ал, Жаңа жыл мерекесін факультетіміз ерекше мерекелеуде. Т. Рамазанов өз әңгімесін аяқтады.

Аяз Атаным да, Қарша қыздың да жүздеріне жылы қап жүгірді. География факультетінің аралағанымызда да, осындай мереке үстінен шықтық. Комсомол комитетінің секретары А. Жүндібаев Аяз Атаным қолын алып, былай деді:

— Студенттеріміз қысқы сессия қорытындысы бойынша 86,4 процент, жазғы сессия бойынша 86,6 процент оқу үлгерімін көрсетті. Студенттердің ғылыми қоғамы метеорология кафедрасынан — 46, экономикалық географиядан — 20, құрылық гидрологиясынан — 9 баяндама тыңдалды. «Студент және ғылыми-техникалық прогресс» бүкілодақтық олимпиадасына 350 студент қатысып, 34

баяндама грамота, диплом, бағалы сыйлықтармен атап өтілді.

Оқу-тәрбие жұмысының маңызды бір бөлігі — қоғамдық саяси аттестация. Қоғамдық-саяси тәжірибе жұмысы да факультетімізде зор өрлеуде өтті. Мысалы, «Комсомол құрылысы» бөліміне 74 студент қатысады. Олардың көбі КПСС XXVI съезі материалдары бойынша бірнеше рет студент аудиториясына шығып, баяндама жасалды.

Аттестация өз кезінде өтіп, студенттердің қоғамдық-саяси белсенділігінің жоғары деңгейін көрсетті.

Көптеген группалар саяси плакат конкурсына қатысты.

«Студент көктемі-81» конкурсында вокальді-инструменталды ансамбль — үшінші, халық аспаптары ансамблі — үшінші, ән группасы — екінші орынды жеңіп алды. Үгіт бригадасы қалалық байқауда бірінші орын алды.

Үшінші еңбек семестрінде «Географ-81» ауыл шаруашылық жұмысындағы жетістігі жөнінен университетте жоғары тұғырға көтерілді. Студент Баратов «Алатау-81» студенттер құрылыс отряды құрамында ГДР-де болып кеудесіне «Жоғары жетістігі үшін» медалін тағып қайтты.

Біз бұдан кейін заң факультетінің № 10 жатақханасына ат басын тіредік Жинақы, таза, әсем безендірілген жатақхана ішіне кіргеннен-ақ көңілді топ құлжілері, ойнақшыған диско музыка үні үлкен мереке өтіп жатқанын айғақтай түсті.

Студенттер советі председателі Е. Атышбаев Аяз Атаға кездескенде былай деді:

— Студенттер Жаңа жыл кешін тойлауда. Костюмдер конкурсы, этак, секцияны безендіру, этак газеті, ән конкурсы, викторина және би өзара жарысқа түсуде. Бұған студент мүшелері III курс студенттері А. Қанатова мен О. Дүзелбаевтың қосқан үлесі мол.

Біз заң факультетінің жатақханасынан шыққанда күн ұясына кіріп, қараңғылық түсе бастапты. Көшедегі шам жарығымен жапалақтап тұрған ақша қар шағылысып, бейне бір аспаннан нұр жауып тұрғандай әсер қалдырды.

Тыныштық... Көшеде менің тыныштық. Аяз Ата, Қарша қыз және біз. Дәл осы сәт тәртеуіміздің ойымызда бір-ақ нәрсе бар еді... Ол:

Жаңа жыл — 1982 жыл баянды бақыт бастауы болғай! — деген толғаныс.

Қайрат ӘЛІМБЕКОВ,
Риза МОЛДАШЕВА,
журналистика факультетінің
II курс студенттері.

Уже больше года мы живем студенческой жизнью. У нас было время осмотреться. Выяснить, что же более всего интересно каждому в отдельности и всем вместе. Надо сказать, что курс у нас довольно дружный, много времени мы проводим вместе. А дружба, как известно, помогает творить чудеса. Первым успехом стала успеваемость, лучшая на факультете. Но не только на лекциях и семинарских занятиях проявляем

мы свои возможности и таланты. Благодаря работе комсомольского бюро курса, жизнь наша полна интереснейших событий. Основной причиной этого является работа нашего секретаря Г. Бекжигитовой.

В этом году мы впервые пришли в общество «Молодежь и закон», лекторы которые выступают в школах по правовым вопросам. Первыми начали это интересное дело К. Қзылходжаев, К. Жиенбаев, Л. Факулина, К. Колпаков. Но нашу правовую и политическую подготовку можно оценить не только лекциями. Участвуя в университетском конкурсе сатирического политического плаката, 213 и 217 группы заняли первое место.

Перед Новым Годом мы прове-

ли конкурс «Отзовитесь, таланты!» И здесь каждый смог показать себя. Более двух часов в зале шел необычный концерт. Лирические композиции сменялись зажигательным танцем, представители оригинального жанра сменили драматические актеры. Особенно хочется отметить 210 группу. Здесь поставили отрывок из пьесы В. В. Маяковского «Клоп». Высокое мастерство, молодость и увлеченность сказались на качест-

О НАШЕМ КУРСЕ

ве постановки. Жюри единодушно присвоило этой группе I место. 211 группа показала замечательную композицию о дружбе, а в представлении 213 группы лезгинка сменялась лирическими стихами, песни военных — сатирическими сценами. Эти группы разделили второе место. Третье место завоевали 209 группа со своей сатирической «Лекцией в музее искусств» и сценкой «Мать не по Горькому», 208 группа с эпизодами из комсомольской жизни и 205 группа, представившая на конкурс представителей оригинального жанра.

Свои лучшие номера 209 группа показала в спецколони № 8, шефами которой мы являемся.

Наши студенты не только увлекаются искусством. Среди нас

много спортсменов. На межфакультетской спартакиаде по баскетболу мужская команда юридического факультета завоевала в напряженной борьбе первое место. В команду вошли студенты — второкурсники. А. Куликов, А. Толубаев, А. Алимов, А. Жиенбаев, Б. Сауранбаев, Р. Орехов, С. Нуркасимов.

Богата и разнообразна жизнь студенческого коллектива юридического факультета. Главное в

этой жизни — учеба. И мы настойчиво овладеваем знаниями. Неуклонно растет успеваемость, множится число отличников. В 1980—81 учебном году 210, 208, 209 группы победили в социалистическом соревновании, являясь членами научного студенческого общества являются более 100 человек: занимающихся в 8 кружках. В этих кружках готовятся и обсуждаются более 150 докладов. Многие из них представляют научную ценность. Надеемся, что наши работы поступят на университетскую студенческую конференцию, на республиканский и всесоюзный смотры, лучших студенческих научных работ.

Е. ГЕРМАН,
студентка 2 курса
юридического факультета.

Ученые поздравляют

Юридический факультет может заслуженно гордиться итогами 1981 года. В этом году наш факультет стал победителем социалистического соревнования, занял первое место среди гуманитарных факультетов. Повысилась успеваемость. Студенты факультета отличились в трудовом семестре — 11 строительных студенческих отрядов построили различные объекты свыше, чем на 3 млн. рублей — это больше, чем все факультеты университета вместе взятые.

Активно велась научная работа преподавателями факультета; в 1981 году опубликовано 47 работ.

Факультет имеет хорошие спортивные достижения, успехи в развитии художественной самодеятельности.

Надеемся в Новом, 1982 году повысить все показатели нашей работы. Желаю всем студентам факультета, всем его преподавателям и сотрудникам счастливого Нового года, отличного здоровья, успехов на трудовом и общественном поприще, большого личного счастья!

Ю. Г. БАСИН,
профессор, декан юридического факультета.

Первый год одиннадцатой пятилетки был для нашего факультета успешным. 1981 году успеваемость студентов факультета механики и прикладной математики повысилась на 2 процента по сравнению с предыдущим.

В республиканском туре Всесоюзной олимпиады «Студент и НТП» команда по теории машин и механизмов заняла призовое место, в социалистическом соревновании естественных факультетов университета наш факультет был удостоен второго места.

Дорогие друзья, коллеги! Пусть же Новый год будет для всех плодотворным и принесет много счастья!

М. М. МОЛДАБЕКОВ,
доцент, заместитель декана факультета механики и прикладной математики.

Приятные воспоминания

Трудовой семестр. Он настолько прочно вошел в нашу жизнь, что представить студенчество без стройотрядов просто невозможно. Это своеобразный полигон, где испытываются человеческие характеры, воспитываются, совершенствуются трудолюбие, чувство долга. Это лаборатория человеческого самопознания, позволяющая каждому оценить свое место в жизни.

Поэтому минувшее лето надолго остается в нашей памяти. Трудности начались еще в подготовительный период. При зачислении в отряд требования к бойцам были жесткими: хорошая учеба, участие в общественной работе, специальность, стаж работы.

Приехав в хозяйство, мы увидели, что предстояло не только построить множество объектов, но и жить в суровых условиях. Все понимали, что приехали сюда для оказания помощи колхозу, в период нехватки рабочей силы.

А для работы правление создало все условия: обеспечило стройматериалами, всеми видами современной техники, необходимыми для ведения строительства. Механизаторы, обслуживающие технику, были постоянно прикреплены к отряду и жили вместе с нами. У каждого бойца был наставник. Бригада имела конкретный

объект, конкретные задачи, возможность самой планировать свою работу. Все это способствовало духу соревнования и творчества.

В отряде были опытные бойцы и новички. Для кого это было последнее ССО в студенческой жизни, а для кого первое. Поэтому за один и тот же отрезок времени, в одних и тех же условиях, каждый боец давал разные результаты: один успевал сделать больше, другой меньше, кто качественно, кто посредственно. Но всех объединяло одно стремление: работать быстро, делать больше и качественно.

В отряде было на кого равняться. Возьмем к примеру таких ветеранов ССО, студентов 4-го курса, как Курбанов Серик, Булатова Роза, Базылжанова Батогоз. Их исключительное трудолюбие, чуткое внимание к товарищам, готовность в любую минуту оказать помощь, профессиональное мастерство на уровне инженерного, обеспечили им заслуженный авторитет среди бойцов отряда.

Спокойная, молчаливая, одновременно требовательная к себе и другим, Роза, например, могла штукатурить так, что двое парней-подсобников еле поспевали подносить ей раствор. После работы оформляли фото-

стенды ветеранов труда и передовиков производства колхоза, проводили беседы с жителями поселка, организовали соревнования по массовым видам спорта, где участниками были студенты и колхозники.

Ребята, загоревшие до неузнаваемости, возмужавшие, закаленные, уже давно сидят в армейских им читальных залах и аудиториях.

Хотя еще свежи воспоминания о трудовом лете, хотя еще не все рассказано друг другу, уже совсем скоро начнется формирование новых стройотрядов.

И хочется сказать новичкам ССО: хочешь быть самостоятельным, найти себе друга, испытать себя — записывайся в стройотряд.

Летние дни ушли безвозвратно в прошлое. На улице зима. А в кара-дале — черной степи еще холоднее, день и ночь свирепствуют ветер, снежные бураны.

Хочешь совершить подвиг, не жди особого случая, место для подвига — стройотряд. Тебя ждут тысячи строительных объектов.

Анвар ХАДЖИЕВ,
студент юрфака.



Әдебиет, Беті



„ҚЫЗЫЛКЕҢІРДЕК“

Менің Борпық, Жапал деген — «Қайраттың» қайраты кете достарым бар, үшеуіміз студенттер жатақханасының бір бөлмесінде тұрамыз. Көбінесе бірлесіп оқимыз. Бірақ... Несін айтайың: оқып тындырып жүрген жоқпыз. Ертемен тұрып еш болмаса бір рет аяғын көтеріп, ксуде керіп, кең дем алуға ерінетін Борпық пен Жапал футбол десе, жапы күйіп, аласұрып айтысқа түседі де жатады, қызыл кеңірдек болады. Бөлмеміз әр-сәтте данғаза шуға толады. Қызды-қызды да оқуды қоя тұрып, футбол жөнінде хикая соғып кететін желікпелердің бірі—біздің Жапал, екіншісі — Борпық.

Бүгін кешкі дайындық басталмастан. Жапал Борпыққа тиісе келді:

— Сен мақтаған «Қайратты», «Зенит» ұтып жайратты.

— Ей, қойшы сен! Көресін «Қайрат» әкесін танытып, әлі талай команданың мойнын қайырып жығады.

— «Қайраттың» кетті пышырап, Жеңіске ұшырап...

— Сен немене намысың жоқ наданбысың? Не деп көкіп тұрсың, ей! «Ақынның» қарашы өзінің!

Кеудесін сипап асықпай сөйлейтін Борпық, бұл жолы сабыр тұта алмады, боржиган беті бұлкілдеп, алақандай көздері ажырайып кетті, жападай жеңілтек Жапалды торғайға түскен қырыдай бүріп алғысы келіп, қызарандап қалды.

— Ха-ха-ха!.. Боқа! Саған не болған?

— Ертең көретін күнім бар, өйтпесе, ит жеккенге айдалып кетсем де, сенін...

— Пах-пах! Сол да бола ма? Не үшін?

«Қайраты» жеңіліп, қабырғасы қапысып, жадап отырған Борпыққа Жапал ойда жоқта тағы да бір пәлені бықсытады, Борпықтың жұтқыншағы жыбырлап, танауы қышиды да, шыдамы таусылып қалады.

— «Қайратты» женетін командалар баршылық! Енді бір бәстессен, үш бөтелке қоясың...

— Жапал, үңді өшіріп дегендей...

Жапал шаужайлап қоятын емес, Борпық ызаға шыдай алмады.

— Қалақтай болып... Қарыспа менімен!

Борпық Жапалды тартып жіберердей орнынан тағы да атып тұрды. Тағы да керіс, тағы да келді.

«Қызылкенірдек» деп осыны айт! Бар уақытымыз айтыспен өтті. Істе береке, сөзде түйін болсашы! Не көңіл тыныш емес, не оқуда абырой жоқ, екі дос айқасып бітті. Бәрі де футболдың кесірі, «Қайрат-ау» қайратыңа мін! Сен жеңілсең, Борпық «шейіт» боп кетер...

Алтындай уақытымыз-ай! Босқа кетті. Бәрі де «қызылкенірдектің» қырсығы. Уақыты бағалап, досты сыйлайтын студент болса, мың да бір рахмет айтар едім.

Әдібай ТАБЫЛДИЕВ.



Ақ қыс... Оның бойында ақ қармен аралас тап-таза сұлулық бар. Күннің нұры салқын болып көрінгенмен, бәрібір Жер бетіне жылу әкеледі.

Көз ұялтар қыстың аппақ бояуымен көңіл төріне сергек сезім ұялайды, жан дүниеде шабыт сазы ойнайды...

Ұлап қардан ақ желек жамылған мына табиғат көркіне қараңызшы. Мүлгіген тыныштық, Ұйқыда сияқты. Бірақ, осы бір ағаштар тамырында да тіршілік қан тамыры үздіксіз соғып жатыр. Күні ертең-ақ сол қан тамыр соғуынан жайқалған жасыл жапырақ — табиғат сәні пайда болады.



СЫҚАҚТАР

АҚЫЛШЫЛАР

«О, студент, қыз-балалар, Партаға жазып, сызбандар!» деп тәртіпке шақырып өзгені, Осы сөзді баттатып, Жазып қойыпты өздері.

ТЕНТЕҚБАЙДЫҢ «НАҚЫЛДАРЫ»

Шығымы жоқтың, Жұғымы жоқ.

Кыздарға қырындағаның — Ақшаны шығындағаның.

Кітап бетін ашпайтын бала, Оқуды ақыры тастайтын бала.

КЕЙБІР ОҚУШЫ

Кейбіреудің бойы үйренген ешпідікке, Кітапханадан керегін жыртып алады.

Ал қалған жұртқа, көпшілікке, Кітаптың тек сырты қалады.

— Жас кезінде атанып еді қиын бала, Болатын ойлайтыны тын ғана.

— Ал, қазір ше? — Қазір де сол, бірақ жасы жнырмада.

БЕЛСЕНДІ

«Тезірек қымылдаңдар», — деп басқаны асықтырады. Ал өзі ебін тауып, Жұмыстан қашып тұрады.

МАСЫЛ

Үйленген баласы. Шапқалап жүр, Үй тауқыметін әкесі Арқалап жүр.

АЛҒАШҚЫ СТИПЕНДИЯ

— Алғашқы стипендияңды не істедің?

— Бір досымды ресторанға отырғыздым.

— Сосын? — Кесірі ғой ішкеннің, Ерегісіп досымның бетін бұздым.

ЭСТЕТИКАНЫҢ МӘНІ

Біздің қыздар, Эстетикаға үлкен мән береді. Мән беретіндігі соншалық, — Лекция үстінде де сәнденеді.

ӘБІРЖИДІ

Дискотека дегенде, Өкпесін қолына ал жетеді. Семинарға келгенде, Әбіржіп, мазасы кетеді.

БІР СТУДЕНТТИҢ СӨЗІ

Лекциядан құтылдым — Сессияда тұтылдым.

ДЕЙІН ЖӘНЕ КЕЙІН

СЕССИЯҒА ДЕЙІН:

— Қалай емтиханға дайындық?

— Жүрген жоқпыз уайым қып.

СЕССИЯДАН КЕЙІН:

— Қалай тапсырдыңдар сынақты?

— Стипендиядан айрылдык...

КӨРІНІП ТҮР

— Анау біздің староста, Жан-жақты түсінігі бар.

— Көрініп тұр.

— Қалай?

— Кісілігі бар.

Мұратбек ДҮЙСЕНБЕКОВ, жұрфактың 4 курс студенті.

САТИРАЛЫҚ СТАТИСТИКА ХАБАРЛАЙДЫ

□ Биылғы жылы тәңірден сұрап алған өмірінің 8760 сағатының 26000 минуты ұйықтаумен өткізді. Оның ішінде 207 3600 секунды айықтырғыш үйінде, қалғаны жатақхана мен аудиторияда өз жалғасын тапты.

□ Биылғы жылы лекциялардан жазған конспекттерінен сүйсіненілік хаттарың мен партаға жазған өсиет сөздерің он бес есе асып түсті.

□ Студенттер арасынан рекордтық нәтижеге қол жеткізу үшін, оқытушылардың 205 сұрағына «білмеймін» деген қысқа ғана жауап бердім.

ЖАҢА ЖЫЛДЫҚ ТОСТАР

«Стипендияның ғұмыры ұзақ, жатақхананың төсегі тозғақ» болсын!

Ескі қарыздар келмеске кетсін! Көңілі көктем мұғалімдер көбейе түссін!

Студенттік бірінші қадамнан сабақтан қарыз болудан сақтасын!

Алдап жеген стипендия құрысын!

Зимние короткие дни человеку кажутся загадочными, лукавыми и интересными, не похожими друг на друга. Человек почти каждый день, как будто, телесно ощущает изменения; в восходе и заходе Солнца, изменения тепла и яркости света, в загадочной игре солнечных лучей со снежинками, блеск и мерцание которых, вселяя в человека веселое настроение, становятся еще больше загадочными.

Она, Снежинка, одетая кри-



сталликами, веселая, беззаботная, считающая себя первой красавицей под солнцем, горда и недоступна, и имеет обыкновение радоваться только лучу Солнца и Лунны.

Она — единственная дочь Ветра и Воды, обязанная своим рождением Непогоде, но страшно боится ее. Она боится ее за беспощадный, неумолимый и крутой нрав, которая в пору гнева, не считаясь ни с кем и ни с чем, предаст всех на немилость, даже свое дитя!

Снежинка открыла глаза и увидела его. Это он, Луч — посланник Луны, бледнолицый, строгий, — символ честности и чистоты! Луч еще раз наклонился перед Снежинкой и просил ее улыбки. Снежинка, гордая и недоступная, склонила голову и когда она подняла ее, лицо покрылось улыбкою

грустной, но не озорной, а глаза смеялись тускло, без огонька. Обиделся посланник Луны и спрашивает: — Почему твое лицо покрыто улыбкою грустной, а не озорной, глаза смеются тускло, а не с огоньком? Озаряй меня радостью!

Снежинка ответила: — Луч, посмотри вокруг и ты увидишь, что есть снежинки, которые вовсе не озарялись улыбкой, а есть некоторые, как та, на ветке, — готова расплыться от улыбки. Коль, я не

данности густо-густо покраснел, а Снежинка, увидев, что Луч залитается краскою, сама еще ярче спрашивает: — Почему твое лицо сверкало. Очарованный доверчивостью и чистотой Снежинки. Луч — посланник Солнца на мгновение остановил свой взор... Прохожие, небольшие свидетели их встречи, радовались сочетанию световых гамм — красочным свечениям, неповторимым блескам.

...Тут же он опомнился. Он, посланник Солнца — вестник поворота

СНЕЖИНКА



умею озарять тебя, ищи другую и ты найдешь ее.

Наступил рассвет. Обиженный Луч ушел. Снежинке стало грустно, мысли поблекли, веки сомкнулись, постепенно ею овладел сон.

Снежинке почудилось, будто-бы тишина покидает ее, кто-то ворвется в покой и требует улыбки... и будто бы кругом залилось неслышным хрустальным звоном...

Снежинка открыла глаза и увидела его. Это он, Луч — посланник Солнца, краснощкий, озорной, лукавый и непостоянный, как сама судьба! Луч еще раз склонил голову перед Снежинкой, и просил ее улыбки. Снежинка гордая, недоступная склонила голову, и когда подняла, ее лицо покрылось улыбкой лучезарной, а глаза смеялись огоньком. Не видел раньше Луч — посланник Солнца Снежинку подобной красоты и от нежн-

дня жизни, не должен был останавливать свой взор ни на ком! Снежинка, почувствовав его пристальный взгляд, покраснела и закрыла глаза... А когда открыла глаза, его уже не было. Навернулись слезы. Она не замечала вокруг себя танцующих многочисленных световых лучей и попяла, что даже самая малая улыбка, подаренная Лунному посланнику, потеряна. Она с грустью осознала, что превращается в бесформенный комоч снега.

Вечером стояла непогода, началась метель. Утром нигде Снежинки не было, кругом спрессованный снег. Вместо многочисленных мерцаний и блесков появилась тусклая полоса отражений солнечных лучей. Снежинка больше не озаряется веселой, щекающей игрой лучей — посланников Солнца.

Мутекен ОШИБАЕВ.